



"Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 390 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда № 6138 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2016 жылғы 27 мамырдағы № 36 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 27.05.2016 № 36 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қоса беріліп отырған "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрағасы
Жітіқара аудандық
мәслихатының хатшысы*

Н. Джафаров

М. Кененбаева

Мәслихатының
2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 390 шешімімен бекітілген

"Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Жітіқара аудандық мәслихатының ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету саласында басшылықты

жүзеге асыратын, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің
в е д о м с т в о л а р ы ж о қ .

3. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі басшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 110700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 6 шағын ауданы, 65 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

13. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге
т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Егер "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе,

онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Миссиясы: "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Жітіқара аудандық мәслихатының оның органдарының және депутаттардың қызметін қамтамасыз етеді.

15. Міндеттері:

азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, нормаларын Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің орындауына жәрдемдесу.

16. Функциялары:

1) мәслихат пен оның органдарының қызметін қолдау ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсетудің қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де функциялар.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) жеке және заңды тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынасқа түсуге, шарт жасасуға және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға;

2) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдардан мәслихаттың жүргізуіне қатысы мәселелер бойынша ақпараттар, ауызша және жазбаша түсініктемелер сұрауға және алуға;

3) мемлекеттік, мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен аудандық мәслихатының аппаратына жүргізуге қатысты мәселелер бойынша қызметтік хат жазысуға;

4) Жітіқара аудандық мәслихатының және оның органдарының отырыстарына қатысуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтары мен міндеттер.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты, "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын, бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады және қызметінен б о с а т ы л а д ы .

20. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының орынбасарлары болмайды.

21. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуді ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және сессия төрағасымен бірге мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құ ж а т т а р ғ а қ о л қ о я д ы ;

2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі , оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын б а қ ы л а й д ы ;

4) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды, оның қызметшілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

б) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара і с - қ и м ы л ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

8) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

9) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат а т ы н а н ө к і л б о л а д ы ;

10) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді о р ы н д а й д ы .

"Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын аудандық мәслихат аппаратының басшысы басқарады.

23. Аудандық мәслихаттың өкілеттік мерзімінің аяқталуымен, аудандық мәслихат өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және оның депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайларда, "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметі тоқтатылмайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Жітіқара аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

